

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
2017 жылғы «11» қазандағы №5 хаттамасымен  
бекітілді

**2017-2021 жылдарға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының  
корпоративтік даму стратегиясы**

АЛМАТЫ 2017

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
Миссия.....	3
Таным.....	3
Құндылықтар .....	3
Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер.....	4

## Кіріспе

2017-2021 жылдарға «БЖЗҚ» АҚ корпоративтік даму стратегиясы «Қазақстан-2050» мемлекеттік стратегиясында, 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасында анықталған әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттарына сәйкес әзірленді және «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі 20.11.2014ж. (№ 4 хаттама) бекіткен 2015-2019 жылдарға «БЖЗҚ» АҚ корпоративтік даму стратегиясында анықталған негізгі даму бағыттарының жалғасы.

Бүгінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – БЖЗҚ немесе Қор) жүзеге асыратын қызмет, бірінші кезекте, зейнетақы қызметтеріне, толық әрі дұрыс ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуді білдіретін салымшылар мен алушылардың ағымдағы қажеттілігін іске асыруға бағытталған. Алайда, мұнымен қатар БЖЗҚ еліміздің зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің жинақтаушы құрамдауыштарының қызметінде және ары қарай дамуында негізгі рөл атқарады.

БЖЗҚ міндеті – Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтарын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге қажет жағдайдың барлығын жасауға ұмтылу.

## Миссия

Қызмет сапасын көтеру, зейнетақы активтерін дұрыс есепке алу, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін көтеру арқылы зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда салымшыларға ұйымдастырушылық көмек көрсету.

## Таным

БЖЗҚ – Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағындарының сенімді бірыңғай басқарушысы және операторы.

## Құндылықтар

БЖЗҚ өз жұмысында әлеуметтік жауапкершіліктің негізін қалайтын мынадай ұстанымдарды басшылыққа алады:

- ✓ адам құқықтарын сақтау
- ✓ заңды басшылыққа алу
- ✓ ашықтық
- ✓ мүдделі тараптардың мүддесін құрметтеу
- ✓ әдепті әрекет ету
- ✓ есеп беру.

БЖЗҚ әлеуметтік жауапты ұйым ретінде:

- салымшыларға және зейнетақы жинақтарын алушыларға қызметті тиімді, уақытылы әрі барынша толық көлемде көрсетеді;
- ұйымның басты негізі қызметкерлер екенін түсіне отырып, өз қызметкерлерінің жағдайын жасайды;
- мемлекет, контрагенттер және жеткізушілер алдындағы міндеттемелерін орындайды;
- қажеттілікке сай ресурстарды үнемді пайдалану, қалдықтарды тиісінше жою арқылы қоршаған ортаға ұқыпты қарайды.

Осыған орай анықталған БЖЗҚ құндылықтары:

*Сенімділік* – Қор қызметін қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған аяда жүзеге асырады.

*Ашықтық* – Қор корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтауды мақсат тұтады, салымшылардың шоттарының жай-күйі мен өзінің ағымдағы қаржылық жағдайы жайлы мәліметтерді ашық ақпарат көздерінде әрдайым жариялап отырады.

*Тұтынушыны бағдар тұту* – БЖЗҚ клиенттерінің мүддесі аса маңызды, Қор зейнетақы қызметтерінің ҚР-ның кез келген жерінде, сондай-ақ шетелде қолжетімді, түсінікті болуы әрі тұтынушылардың сенімінен шығуы үшін қолдан келгеннің барлығын жасайды.

*Үнемі алға ұмтылу және өзін-өзі жетілдіру* – Қор қызметкерлерінің құрамы үнемі ізденіс үстінде және уақыт талғамы мен талабына дайын болу үшін білім мен кәсіби машықтың жаңа амал-тәсілдерін қолданады.

*Жауапкершілік* – БЖЗҚ басшылығы мен қызметкерлері салымшылар және зейнетақы жинақтарын алушылар алдында Қор қызметін үнемі жетілдіріп отыруға, ресурстарды үнемді әрі ұтымды пайдалануға жауапты.

### **Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер**

1. Үздік тәжірибе стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсету
  - 1.1. Зейнетақы қызметтеріне бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету
  - 1.2. Зейнетақы қызметтерінің белгіленген стандарттарын сақтау
  - 1.3. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың біріктірілген жүйесін ары қарай дамыту үшін сапа менеджменті жүйесінің стандарттарына Қордың бизнес-үдерістерін сәйкестендіру
2. Қазақстан Республикасы халқының зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін дамыту
  - 2.1. Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықтың қаржылық-құқықтық сауатының деңгейін көтеру
  - 2.2. БЖЗҚ-ның позитив бейнесін қалыптастыру арқылы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген халық сенімін нығайту
  - 2.3. Дербес зейнетақы жоспарлары мәдениетін қалыптастыру
  - 2.4. Ерікті зейнетақы жоспарларын дамыту
3. Қазақстан жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасын іске асыру
  - 3.1. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың параметрлері мен тетігін жетілдіру
  - 3.2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізу – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары
  - 3.3. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбеккерлерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт аясында Құзыретті орган ретінде БЖЗҚ функцияларын жүзеге асыру
  - 3.4. Салымшылардың зейнетақы жинақтарын балама мақсаттарға (тұрғын үй, емделу) нысаналы пайдалану тетігін іске асыру
  - 3.5. Салымшының таңдауы бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына беру тетігін іске асыру

**Басқарма Төрайымы**

**Н. Наурызбаева**